

**ҒЫЛЫМИ ЖЕТЕКШІНІҢ
ПІКІРІ**

Койлибаева Акбота Султанбекқызы

5B070200 – «Автоматтандыру және басқару» мамандығы

Тақырыбы: «Мыс штейннің конвертерлеу процесін автоматтандыру»

Дипломдық жобанда Койлибаева Акбота Султанбекқызы негізгі кәсіпорында мыс штейннің конвертерлеу процесін автоматтандыру жүйесін қарастырған.

Дипломдық жұмыс келесі бөлімдерден тұрады:

Бірінші бөлімде технологиялық бөлім, мыс және оның қасиеттері мен қолданылуы оның әлемдік қоры, өнеркәсіптегі мыс алудың жалпы технологиясы және конвертерлеудің тәжірбиелік сипаттамасы т.б қарастырған.

Екінші бөлімде мыс штейннің конвертерлеу өндірісін автоматтандырудың құрылуы, маңызы және оның өндірісіндегі автоматтандырылған басқару жүйелерінің міндеті мен мақсаты, тиімді басқару міндетінің мазмұнды тұжырымы, конвертерлеу процесін тиімділеу есебінің математикалық моделі, автоматтандыру схемасының сипаттамасы қарастырылған.

Үшінші бөлімде ПИ-реттегіш параметрлерін есептеу, басқарылатын объектінің жиіліктік сипаттамалары, реттеу заңын таңдау және реттеу процесінің оңтайлылық критерийі, реттеу сапасын тікелей сапа көрсеткіштері бойынша бағалау қарастырылған. Есептеулер жүргізілген.


Соңғы бөлімдерінде объектіні автоматтандыру орындылығының экономикалық негіздемесі, кәсіпорындағы еңбек пен қоршаған ортаны қорғау шаралары қарастырылған.

Бұл дипломдық жоба жоғарғы оқу орындарының талаптарына сай жеткілікті жоғары дәрежеде жазылған, алынған нәтижелері автоматтандыру және басқару ғылыми бағытына жауап береді.

Студент дипломдық жобаны жасауда өздігінен жұмыс істеу қабілетін көрсете алды. Койлибаева Акбота Султанбекқызы алдына қойған инженерлік есептерді шеше алатынын, әдебиеттермен жұмыс істей алатынын көрсетті. Жалпы дипломдық жобаны "95/А/өте жақсы", деп бағалап, ал студент Койлибаева Акбота Султанбекқызы 5B070200–«Автоматтандыру және басқару» мамандығы бойынша техника және технологиялар бакалавры біліктілігіне сай деп ұсынамын.

Ғылыми жетекші

«Автоматтандыру және басқару» кафедрасының
техника және технологиялар магистрі, лектор


_____ К.Б. Мүсілімов
(қолы)

«27» мамыр 2021 ж.